

Аннотация

В статье говорится о педагогических проблемах поддержки детей, оставшихся без попечения родителей. Даны характеристики понятий «сирота (сиротство)», «социальный сирота». В трудах ученых был проведен анализ индивидуальных особенностей детей-сирот. Было показано, что организация воспитательно-образовательного процесса и обеспечение широкой психолого-педагогической поддержки дете-сирот являются достаточно актуальными в педагогике, а также в психологии, социальной педагогике.

Ключевые слова: сирота, воспитание, родители, окружающий мир, социальная сирота, педагогика.

Abstract

The article deals with pedagogical problems of support of children left without parental care. The characteristics of the concepts "orphan (orphanhood)", "social orphan" are given. In the works of scientists the analysis of individual characteristics of orphans was carried out. It was shown that the organization of the educational process and the provision of broad psychological and pedagogical support for orphans are quite relevant in pedagogy, as well as in psychology, social pedagogy.

Key words: orphan, upbringing, parents, world around, social orphan, pedagogy.

ҒТАМР 14.01.45

Н.С.Жұмашева., М.Қ.Орынбекова

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

ЖҰМЕКЕН ЖЫРЫНДАҒЫ БАЛА ТӘРБИЕСІ

Аңдатпа

Бұл жырда баланың дүние есігін ашып оның жеке тұлға ретінде қалыптасуындағы жанұяның орны, ата-ананың балаға деген психологиялық көз қарастары баяндалады. Адам қандай дәрежеге жетеді, жалғыз тұлға бола ма немесе адамгершілік тұрғыдан кемшілікпен қалыптасады ма, мұның бәрі көбіне ол адамның балалық шағында қаншалықты дұрыс ата-аналық тәрбие алғанымен байланысты.

Негізгі сөздер: жеке тұлға, адамгершілік, мейірімділік, жанұя, тәрбие отбасынан басталады

Бала – болашақ өмір жалғасы. Бала – ата-ата қуанышы, үміті. Ең нәрлі жыр шумағын ақын өз перзентіне арнайды. Ол баласына арнаған өлеңдері

арқылы барлық әкелердің жүрегіндегі сөзді дөп басып айтқан. Әкені толғандыратын бір нәрсе - баланың алдағы тағдыры, өмірден алатын орны. [1] Шығармалары – қысқа да шағын. Олар жаңа дүниеге келіп, аяғын апылтапыл баса бастаған бала өміріне арналған әке толғаныстары. Өлеңдерді бір-біріне жүйелеп тіркесе, перзентке арнаған шағын поэма болып шығар еді. [2] Ақынның бұл өлеңдері негізінен «Ұлым, саған айтам» атты жинағына енген. Белгілі ақын Сырбай Мәуленов осы жинақ туралы мынадай лебіз білдіреді:

«Жұмекен Нәжімеденов «Ұлым, саған айтам» атты жинағымен бұрынғы ақындық стилін жетілдіргенін, идеялық, көркемдік жағынан көп өскенін танытты. Сабырлы ой, парасат сатысына көтерілген ақын баласымен сырласа отырып, оған адамгершіліктің құнарлы да нәрлі қасиеттерін дамытуға күш салады.»

Кейіпкердің перзентінің дүниеге келуі оған ұшан-теңіз қуаныш әкеледі, әке бойына күш-қуат пайда болады. Ол мақтаныш кернесе де, кейіпкер қорқынышы мен қаупі де алыс емес. Ол «тәтті ойдан төсектен атып тұрып», «сәл нәрседен сескене береді», «үйтені бақыттырақ» болып барады. Баланың мектепке дейінгі тәрбесі қай кезде болмасын педагогтар мен психологтар қауымы бала өмірінің жаңа бастауы ретінде оның әлуметтік ортаға бейімделуі деп қарастырады. [3] Ата-аналық сезім билегенде адамда мұндай психологиялық күй болатынын ақын дәл байқаған. Әркім де өз баласынан үлкен үміт күтеді. Ондай үміт ұшқыны ат қоюдан басталады. Ат қою мәселесін қозғай келе, ақын мұны перзенттің Отан алдындағы борышымен де байланыстырады.

Ердің есімін бердік, байқа, бала,
Елдің ұлы болсын деп соған ұқсап, -

деуі баласының туған елдің үмітін ақтайтын, соған қызмет ететін азамат болуын тілегендіктен айтылған. Құлқынын көздеген адам елдің қамын ойлаудан аулақ болатынын лирикалық кейіпкер баласының құлағына оған ат қойған кезден сіңіре түседі, құлқынның құлы- елінің жауы деген ұғымды ұстайды да, ата-ананың тағы бір тілектен туған әрекетін келтіреді:

Өзіңді көтерді тек төбесіне
Қарыннан жоғарырақ боп өссін деп.

Адам баласы қазіргі кезде болашағымызды қорғау үшін күресуде майдан салуда. Отбасы бүкіл ғасырлар бойы адам баласы тәрбиесінің құралы болып келеді. [4] Табиғатпен қатар адам үміті – перзентті де аялау - әр саналы азаматтың борышы. Лирикалық кейіпкердің ойы: болашақты сақтау үшін тыныштық - өмір тірегі керек дегенді айтады.

Шыбын қонбаған бетіңе
Оқ қадалса қайтемін...
Мен қорғаған ұйқыңды
Бомба бұзса қайтемін, -

деп қауіптенеді, мазасы кетеді.

Лирикалық кейіпкер тарихқа да кезек үңіліп, өзі көрген өмір ауыртпалықтарын баласы көрмесе екен деп тілейді. Оқушы көз алдынан соғыс елестері өтеді. «Шаппаса екен тістене, бізге шапқан жау саған» деген тілек, «Мен іздеген асылды алсаң екен сен тауып» деген арман бір-біріне жалғасып жатыр. Бала тәрбиесіндегі басты тұлға ата-ана екендігі сөзсіз. [5]

Азаматтықтың басы – бала кезден тілазарлықтан аулақ болу, ата-ананың айтқанын ұға білу. Сонда ғана әке-шешенді, еліңді ұятқа қалдырмауға мүмкіндігің болады деп ақыл айтады ақын. Бала мінезінің жағымсыздығы мен осалдығы кімдерді абыройдан айыратынын поэтикалық жолдармен санамалап келіп, мынадай пікір түйеді:

Жақсы болсаң, еліңді

Мақтайды жұрт, ұқтың ба?

Бұл тұжырымда елге ілтипат, ел абыройын сақтау мәселесі жатыр. Ел мен азаматтың абыройының бірлікте екендігіне назар аудартады.

Ақын Мұхтар Шаханов: «Әрбір адамның өзінің туған әке-шешесінен басқа міндетті түрде төрт анасы болуы керек. Біріншісі – туған жері, екінші – туған тілі, үшінші – мәдениеті мен дәстүрі, төртінші – туған тарихы. Міне, осы анаға тамыр жіберу арқылы ғана әр адам өзге ұлттардың тіліне, мәдениетіне, тарихына құрметпен қарай алады?» – дейді.

Осы айтылғандай, ақын өлеңдерінен перзентін патриоттық ой-сезімге жас кезінде ие бола беруге үгіттейтіндігін көреміз. Патриот тек елін сүю үшін емес, өз халқының өнерін де сүюі керек дегенді қатты ескертеді. Осы арқылы өмір белсенділігіне ұмтылдыру мақсатын көздейді.

«Көп емес-ау саған артар міндетім» – деген жолдарды ақын бала назарын аудару үшін бірнеше дүркін қайталайды. Бірақ автордың ескертпесі бар: «Ең қиыны өз еліңді біл жетік». Өз елін жетік білу – нағыз адамдық іс. [6] Ақын: Абайдың бір өлеңін жатқа білсең, Құрманғазының бір күйін тарта білсең, елге еткен үлкен құрметің болады дейді. Ең бастысы - өз ұлттық тіліңді меңгеру:

Жазғандарын әкеңнің

Өз тілінде оқи алсаң болғаны.

Әкені толғандыратын тағы бір нәрсе – баланың алдағы тағдыры, өмірден алатын орны. Сондықтан ол: «қайғым жалғыз кім боласың ертең сен?» деген сұрақ қояды. Кейіпкер ұлының құлқын қуалаған қу мен сұм емес, ел үмітін ақтайтын адам болуын жатса да, тұрса да ойлайды. Келесі бір өлеңінде ақын ұлының қай жұмыс болса да, қолынан келетін істі қалауын құптайды. Өлеңде әкелік қатал талап та бар: «кім болсаң да адал бол, әкім болсаң - әділ бол», дейді. Сөйтіп, халық алдында адамдық беделді сақтауды ескертеді. Осы өлеңде жастардың мамандық таңдай білуіне байланысты проблемалық мәселе де көрсетілген.

Әкенің қатал талабы бала өміріне аса қажет, әкелік педагогтік тәжірибе лирикалық кейіпкерге осыны үйреткен. Талап болмайынша, болашақ заман адамын тәрбиелеу мүмкін емес, баланы бетімен жібермеу керектігі жөніндегі халық педагогикасы «баланы жастан» деп үйреткен.

Балаға бағыт-бағдар, басшылық болмаса, талап қоюшылық болмаса, өз бетімен жағымсыз құлықтарға икемделіп кетуі мүмкін. [7]. Әділ де қатал жауапкершілік – еліне лайық ердің тәрбиеленуіне мол көмегін тигізеді. Сондықтан ақынның былай деуі өте орынды:

Қатал болдым жүз рет,
Өскенде елің
Маңдайыңнан бір рет сипасын деп.

Ақын осы сияқты басқа да көптеген өлеңдерінде адамгершілік, адалдық, кішіпейілділік, т.б. моральдық мінез-құлықты бала бойына сіңіруді талап-тілек еткен.

Жұмекен бұл аталған шығармалармен оқушы назарын бала тәрбиесіне терең мән беру керектігіне аударады. Мұнан ақынның педагогтік ой-пікірлері мен көзқарастары аңғарылады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Жұмекен жұмбағы. Алматы: Арыс. 2006ж. 54 б.
- 2 Жұмабаев М. Педагогика. Алматы: Рауан, 1992-112 б.
- 3 Мұханбетжанова Ә.М, Қуанышева Г.Х. «Мектеп алды даярлық балаларымен жүргізілетін әдістемелік жұмыстар» Х.Досмұхамедов атындағы АМУ-нің «Хабаршысы», №1 (36) 2015ж. 226 б.
- 4 Ищанова .Г.Е. «Отбасы және отбасы тәрбиесінің бала дамуында алатын орны» Х.Досмұхамедов атындағы АМУ-нің «Хабаршысы», №3(38) 2015ж. 145 б.
- 5 Оңғарбай А.Н. Аруова А.М. «Баланың жеке тұлғасын қалыптастырудағы жанұяның ролі» Х.Досмұхамедов атындағы АМУ-нің «Хабаршысы», №1(48) 2018ж. 27 б.
- 6 Губашева С. Отарбай А. «Тәрбие жұмысының әдістемесі» 2-басылым. Фалиант.Астана 2011ж. 152 б.
- 7 Жүндібаева Т.Н. «Отбасы педагогикасы» Алматы. Экономика баспасы 2014ж. 15 б.

Abstract

In this regard, it should be noted that in accordance with the law of the Republic of Kazakhstan "on religious activities and religious associations" (hereinafter-the law), every citizen of the Republic of Kazakhstan has the right to freedom of religion and religious beliefs, as well as freedom of religion and religious beliefs. The degree to which a person reaches, whether he becomes the only person or is formed with a moral defect, all this is largely due to the extent to which a person in childhood brings up the correct parental education.

Key words: personality, morality, kindness, family, education begins with the family

Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы о роли семьи. Семья играет важную, решающую роль в становлении личности. Именно в семье человек начинает делать свой шаг навстречу познанию мира. Влияние родителей на развитие ребенка очень велико. Дети, растущие в атмосфере любви и понимания, имеют меньше проблем, связанных со здоровьем, трудностей с обучением в школе, общением со сверстниками. То, что ребенок в детские годы приобретает в семье, он сохраняет в течение всей последующей жизни.